




# Нормативті-құқықтық актілердің кеңістіктегі әрекеті



Орындаған: Несіпбек А.  
Ю-37 топ студенті  
Тексерген: аға оқытушы  
Бирманова А.И

# Жоспар

- I. Нормативтік-құқықтық актілердің қолданылу аясы
  - II. Нормативтік-құқықтық актілердің адамдар арасындағы әрекеті
  - III. Нормативтік-құқықтық актілердің уақыт аралығындағы әрекеті
- Пайдаланылған әдебиеттер



Нормативтік-құқықтық актілердің әрекетінің шегі кеңістікте өз ұйғарымы таралатын аумақпен белгіленеді. *Аумақ* дегеніміз, жердің беті, кен, су және мемлекеттік шекараға сай, аспан кеңістігі, сырт елдердегі елшіліктер тұратын аумақ, ашық теңіздегі және сырт елдердің аумақтық суларындағы әскери кемелер, ашық теңіздегі әскери емес кемелер, ұшақтың және атмосферадағы ғарыш аппараттарының кабиналары.

Нормативтік-құқықтық актілердің әрекеті, әдеттегідей, соны шығарған органдардың қарауындағы аумақтарға таралады. Мысалы, федералдық мемлекеттердің мүшелерінің нормативтік актілері солардың тек өз аумақтарында әрекеті жүреді, мемлекеттің жергілікті органдарының актілері, сол ауданның, қаланың, префектураның, жердің аумақтарында іске асырылады. Кейбір кездерде, федеративтік мемлекеттік құрылымдарда, бір мемлекеттің құқықтық нормаларының әрекеті, екінші мемлекеттің аумағында қолдануға рұқсат етіледі (мысалы, мүліктік дауларды шешкенде мұрагерлік туралы)

Нормативті-құқықтық актілер кеңістікте өзінің түріне байланысты үш жағдайда әрекет етеді:

## Мемлекеттің барлық аумағына таралуы

Мемлекеттің егемендіктің принциптеріне сай, әртүрлі мемлекеттің заңдары тек өз аумағында ғана әрекет жасай алады. Сол принциптерге қарамай, басқа мемлекеттің аумағында да әрекет жасайды

Елдің дәл анықталған бөлігінде ғана әрекет етеді



Мемлекеттің аумағына жер шарының бір бөлігі оған:



Құрғақ жерлер



Сулы аймақтар



Әуе кеңістігі



Жер асты қойнауы





Заңның кеңістіктегі күші аясының шегі мемлекеттің аумағымен және егемендігімен байланысты. Қазақстанның аумағы оның жергілікті әкімшіліктерінің аумағынан, ішкі судан, теңіздерден, оның жоғары ауа кеңістігінен тұрады. Осы аумақта Қазақстанның егемендік құқықтары бар және сол аумаққа билігін жүргізеді. Шет ел заңдары, халықаралық құқық нормалары Қазақстан аумағында тек мемлекетіміздің заңдарында көрсетілген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Құқық нормалары қоғамдық қатынастарды қалыпқа келтіреді, реттейді. Кейбір қатынастар заң арқылы, ал кейбіреулері заңға негізделген нормативтік актілердің күшімен реттеледі. Мұндай саралау қоғамдық қатынастардың мәніне, маңызына байланысты. Заңдарды, нормативтік актілерді қабылдау - қоғамдық қатынастарды реттеудің бірінші сатысы. Заң қолданылу үшін жасалады. Оны қабылдағаннан кейін қолдану, жүзеге асыру қажет. Заң нормаларын қолдану - қоғамдық қатынастарды реттеудің екінші сатысы. Бұл жолмен үшінші саты байланысты. Заң нормалары тұлғаларға құқық беру, міндет жүктеу арқылы жүзеге асырылады. Егер осы құқықтарды тұлғалар пайдаланса, міндеттерді орындаса қоғамдық қатынастар реттеліп, жөнге келтіріліп отырады.


**Нормативтік актілердің күші келесідей аумақтарда әрекет етеді:**

Федеративтік мемлекеттерде федерация субъектілерінің аумағында (федерация субъектісінің мемлекеттік басқару және билік органдарының актілері)

Федеративтік мемлекеттерде федерация субъектілерінің аумағында (федерация субъектісінің мемлекеттік басқару және билік органдарының актілері)

Локальді аумақта (кәсіпорын, мекеме немесе ұйым аумағында)

Нормативтік актінің өзінде тікелей көрсетілген аумақта

The background of the slide shows a large, dense crowd of people, likely in a stadium or arena, rendered in a grayscale, slightly blurred style. A large, light blue circle with a dark blue border is superimposed over the center of the image. Inside this circle, there is a block of text in a dark gray font. A magnifying glass is positioned at the bottom right of the circle, with its handle extending towards the bottom right corner of the slide, suggesting that the text inside the circle is the focus of the slide.

Нормативтік актілердің тұлғалар шеңберіне қатысты әрекет етуі жоғарыда аталған мәселелермен тығыз байланысты. Нормативтік актілер мемлекет аумағында оның барлық азаматтарына, мемлекеттік органдарына, қоғамдық ұйымдарға, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты әрекет етеді. Сонымен қатар, азаматтар мен лауазымды тұлғалардың жекелеген санаттарына таралатын арнайы нормативтік актілер де болады (әскери қызметшілер, зейнеткерлер, полиция қызметкерлері, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, дәрігерлер, сайлаушылар, депутаттар, судьялар, прокурорлар, т.б.)



Нормативтік актілердің уақыт аралығындағы әрекеті оның заңдық күшіне енуі және заңдық күшінен айырылуы түсініктерімен беріледі. Заңның уақыт аралығындағы әрекеті үш түрлі қағидаға сәйкес жүреді.

1. Заңның тікелей әрекеті. ҚР-ның заңдары қабылдағаннан кейін заңмен немесе Парламент палаталарының қаулыларымен өзге тәртіп анықталмаса, 10 күн мерзім ішінде заңды күшіне енеді де, содан кейін пайда болған қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Заңның кері күші. Заңның кері әрекеті немесе кері күші деп заңның заңдық күшіне енгеннен кейін де, соған дейін де пайда болған қоғамдық қатынастарды реттеуін айтамыз. Жалпы қағида бойынша заңның кері күшін қолдануға болмайды. Заңға кері күш беру екі түрлі жағдайда мүмкін деп саналады. Біріншісі, егер заңның өзінде кері күші болу мүмкіндігі туралы тікелей айтылатын болса, екіншіден, егер заңқылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін немесе тіпті жоятын болса заңның кері күші танылады.

3. Заңның мерзімінен аса әрекет етуі. Кейбір жағдайларда заңдық күші жойылған заң актілері жаңа заң қабылдағанға дейін толықтай немесе белгілі бір бөлігінде қолданылуы мүмкін. Ол көбінесе азаматтық-құқықтық қатынастар аймағында қолданылады. Бірақ, жалпы тәртіп бойынша бұндай заң әрекетіне де жол беруге болмайды.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы .- Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
2. Актуальные проблемы теории государства и права. 2-е изд., перераб. и доп. Учебное пособие. - Москва: «Профессиональный учебник»,2011.
3. Актуальные проблемы теории государства и права: учебное пособие / Р. В. Косов. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2008.
4. Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы. -Қарағанды:Болашақ-Баспа, 2006.
5. Бейсенова А.У. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. – Алматы: Атамұра, 2007.
6. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2007.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

